



Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 қарашадағы "Ақсу қаласы мен Ақсу қаласының ауылдық округтерінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" № 373/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 145/23 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 қыркүйекте № 7588-14 болып тіркелді

Ақсу қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қалалық мәслихатының "Ақсу қаласы мен Ақсу қаласының ауылдық округтерінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" 2019 жылғы 26 қарашадағы № 373/52 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6644 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 3,4-қосымшалары осы шешімнің 1,2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 5-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"5. Осы шешім, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсу қалалық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу қалалық мәслихатының төрағасы

М. Омарғалиев

Ақсу қалалық
мәслихатының 2024 жылғы
29 тамыздағы № 145/23
шешіміне 1-қосымша

Ақсу қалалық
мәслихатының 2019 жылғы
26 қарашадағы
№ 373/52 шешіміне
3-қосымша

Ақсу қаласы жерлеріне жер салығының базалық ставкаларын арттыру пайызы

Жердің орналасу аймақтары	Арттыру пайызы
1	+ 50 %
2	+ 40 %

4	+ 50 %
---	--------

Ақсу қалалық
мәслихатының 2024 жылғы
29 тамыздағы № 145/23
шешіміне 2-қосымша
Ақсу қалалық
мәслихатының 2019 жылғы
26 қарашадағы № 373/52
шешіміне 4-қосымша

Ақсу қаласының ауылдық округтеріндегі жерлеріне жер салығының базалық ставкаларын арттыру пайызы

Жердің орналасу аймақтары	Арттыру пайызы
Кызылжар ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
3	+ 30 %
Қанаш Қамзин ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
3	+ 30 %
Қалқаман ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
Достық ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
Евгеньевка ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
3	+ 30 %
Мәмәйт Омаров атындағы ауылдық округі	
1	+ 50 %
2	+ 40 %
3	+ 30 %